# ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

## POWER MANAGEMENT CARD PACIFIC МОДУЛІ

Module Power Management
Card Pacific

# 1. БҰЙЫМНЫҢ СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ






**Жарықдиодты индикаторлардың жұмыс сипаттамасы**

| **Қосылым индикаторының түсі** | **Күйі** |
|---|---|
| Жанбай тұр | Модуль желіге қосылмаған немесе оның қуаты өшірілген |
| Жанып тұр (сары) | Модуль желіге қосылмаған |
| **Деректерді қабылдау/ беру индикаторының түсі** | **Күйі** |
| Жанбай тұр | Модульдің қуаты өшірілген |
| Жанып тұр (жасыл) | Модульдің қуаты қосулы |
| Жыпылықтайды | Деректер пакетін қабылдау/беру<br>Арылту аяқталды |

# 2. БҰЙЫММЕН ТАНЫСУ

Power Management card Pacific модулі (PMCARD power management module) Pacific, Innova TB/TBE, Innova RTB сериялы ҮҚК параметрлерін басқаруға, конфигурациялауға және басқаруға мүмкіндік береді.

**Ерекшеліктері:**

- Кесте бойынша ҮҚК қашықтан өшіру/іске қосу/қайта жүктеу
- «Plug-n-play» қағидаты бойынша орнату
- Пайдаланушы жаңартатын микробағдарламалық жасақтама
- Қорғалған аутентификация
- ENVIROSENSOR-мен үйлесімділігі

## 3. ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ

**Жеткізу жиынтығына кіреді:**
- Power Management Card Pacific модулі
- Пайдаланушы нұсқаулығы

Қаптама материалдарын қалдықтармен жұмыс істеудің барлық жергілікті қағидаларына сәйкес кәдеге жарату қажет. Сұрыптауды жеңілдету үшін қаптау материалдарында қайта өңдеу кодтары бар.

## 4. БҰЙЫМДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ МОНТАЖДАУ

### 4.1. Орнату жөніндегі нұсқаулық

- **1-қадам. Монтаждау**

1. Кеңейту слотының қақпағын бекітетін екі бұранданы бұрап алыңыз, содан кейін қақпақты алыңыз.
2. Power Management Card Pacific модулін ҮҚК кеңейту слотына орнатыңыз.
3. Бекіту бұрандаларын салыңыз және қатайтыңыз.
4. Ethernet кәбілін модульдің Ethernet портына қосыңыз.



**Ескертпе:** Power Management Card Pacific модулі ыстық ауыстыру функциясын қолдайды, сондықтан оны орнату үшін ҮҚК өшірудің қажеті жоқ.

- **2-қадам. Модульдің IP-мекенжайын теңшеу**
  **1-тәсіл.** «Power Device Network Utility» бағдарламасын пайдалану.

1. ДК-ға https://ippon.ru/support/documentation/ сілтемесі арқылы жүктеуге болатын «Power Device Network Utility» бағдарламасын орнатыңыз
2. Орнату аяқталғаннан кейін «Power Device Network Utilit» бағдарламасын іске қосыңыз.
3. «Power Device Network Utility» бағдарламасының диалогтық терезесі төмендегі суретте көрсетілген. Power Management Card Pacific модулі осы терезеде анықталады және көрсетіледі (егер ол ДК-мен бір ішкі желіде болса). Батырма «Refresh» (Жаңарту) ішкі желіні қайта іздеу үшін қолданылады.




Параметрлерді теңшеу қажет болса (DHCP, IP-мекенжайы, ішкі желі маскасы, шлюз) 4-8 тармақтарды орындау қажет.

4. Теңшеу қажет болатын Power Management Card Pacific модулін таңдаңыз. «Tools» (Құралдар) мәзірін ашып, «Device Setup» (Құрылғыны теңшеу) тармағын таңдаңыз немесе теңшеу қажет модульді екі рет басыңыз.
5. «Device Network Settings» (Құрылғының желілік теңшелімдері) терезесінде көрсетілген құрылғының MAC- мекенжайы үшін IP-мекенжайды, ішкі желі маскасын және шлюз мекенжайын төмендегі суретте көрсетілгендей өзгерте аласыз. Өндіруші әдепкі бойынша орнатқан IP-мекенжайы 192.168.20.177-ге, ал ішкі желі маскасы әдепкі бойынша 255.255.255.0-ге тең.




6. IP-мекенжай мәндерін, ішкі желі маскаларын және шлюз мекенжайларын өзгертіңіз (қажет болса). Тиісті жолдарға жаңа деректерді енгізіп, «Save» (Сақтау) батырмасын басыңыз.
7. Аутентификация терезесінде төмендегі суретте көрсетілгендей модульдің пайдаланушы аты мен құпия сөзін енгізу қажет.
   - Пайдаланушы аты әдепкі бойынша: admin
   - Құпиясөз әдепкі бойынша: admin




8. Егер IP-мекенжайын өзгерту сәтті болса, экранда төмендегі суретте көрсетілгендей IP-мекенжайын орнатуды растайтын хабарлама пайда болады.




**2-тәсіл.** Пәрмен жолын пайдалану.

1. Модульдің затбелгісінен MAC-мекенжайын табыңыз. Әр модульдің бірегей MAC-мекенжайы бар.
2. IP-мекенжайын теңшеу үшін ARP пәрменін пайдаланыңыз (пәрмен жолы әкімші режимінде іске қосылуы керек).

**Мысал.**
00-0C-15-00-FF-99 MAC-мекенжайы бар тақшаға 192.168.10.134 IP-мекенжайын тағайындау үшін, PMCARD тақшасымен бір желіге қосылған компьютерден пәрмен жолына келесіні енгізіңіз:
(1) arp -s 192.168.10.134 00-0C-15-00-FF-99
Содан кейін «Enter» басыңыз
3. Жіберу буферінің өлшемі 123 байт болатын Ping пәрменін пайдаланыңыз.
(1) «ping 192.168.10.134 -l 123» деп енгізіп, «Enter»-ді басыңыз.
(2) Егер жауаптар алынса, онда компьютер осы IP-мекенжаймен әрекеттесе алады.

Сондай-ақ, тексеру ретінде arp –a пәрменін қолдануға (IP- мекенжайларының MAC-мекенжайлары бар физикалық құрылғыларға сәйкестігін тексеру) немесе WEB-браузердің мекенжай жолында тағайындалған IP-мекенжайына тікелей өтуге болады.

## 4.2. Пайдаланушының есептік жазбасына кіру WEB-интерфейсі арқылы

WEB-браузердің мекенжай жолына Power Management Card Pacific модулінің IP-мекенжайын енгізіңіз.
Есептік жазбаға кіру үшін пайдаланушы аты мен құпия сөзді енгізу қажет. Есептік жазбалардың екі түрі бар

**1. «Әкімші»**
- Пайдаланушы аты әдепкі бойынша: admin
- Құпиясөз әдепкі бойынша: admin

**2. «Тек оқу»**
- Пайдаланушы аты әдепкі бойынша: device
- Құпиясөз әдепкі бойынша: device

«Әкімші» пайдаланушысы барлық функцияларға, соның ішінде «Тек оқу» есептік жазбасын қосу/өшіруге қол жеткізе алады «Тек оқу» есептік жазбасының пайдаланушысы көре алады, бірақ қандай да бір теңшелімді өзгерте алмайды.

# 5. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

| Мәселе | Шешу бойынша әрекеттер |
|---|---|
| Модульді 1 немесе 2-тәсілмен конфигурациялау мүмкін емес | **Жарықдиодтардың күйін тексеріңіз:** сары және жасыл жарықдиодтар жанған кезде күй қалыпты болады.<br>**Егер жасыл жарықдиод жанбаса:**<br>Модульдің ҮҚК-де дұрыс орнатылғанын және ҮҚК қуаты қосылғанын тексеріңіз.<br>Қажет болса, Ethernet-кәбілін модульге қайта қосыңыз және модульді ҮҚК кеңейту слотына қайтадан шығарыңыз/салыңыз.<br>**Егер сары жарықдиод жанбаса:**<br>Желі қосылымының ақаусыздығына көз жеткізіңіз. Пайдаланылатын компьютердің сіз қосылым орнатқыңыз келетін тақшамен бір ішкі желіде екеніне көз жеткізіңіз. |
| Модульді пингтеу мүмкін емес | Модульдің дұрыс IP-мекенжайын алу/орнату үшін 1-тәсілді және/немесе 2-тәсілді пайдаланыңыз. Егер пайдаланылатын компьютер басқа ішкі желіде болса, ішкі желі маскасының теңшелімін және шлюздің IP-мекенжайын тексеріңіз. |
| Пайдаланушы аты мен құпия сөзі жоғалды | **Әдепкі параметрлерге оралу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:**<br>• Модульді ҮҚК-ден өшірмей шығарыңыз.<br>• «Reset» (арылту) түйіспеліктерінен ұластырғышты алыңыз. Ұластырғыштыі тастамаңыз.<br>• Модульді кеңейту слотына салыңыз.<br>• Жасыл жарықдиод жыпылықтағанша күтіңіз (жыпылықтау жиілігі секундына бір рет).<br>• Модульді қайтадан шығарыңыз.<br>• Ұластырғышты «Reset» түйіспеліктеріне қайта орнатыңыз.<br>• Модульді кеңейту слотына қайта орнатыңыз және бекіту бұрандаларын бұраңыз. |

## 6. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

| Үлгісі | Power Management Card Pacific |
|---|---|
| **Басқару және бақылау** | |
| Жарықдиодты индикаторлар | Қабылдау/беру, қосылу |
| Коммуникациялық порт | RJ45, RJ45 (резервтік) |
| Электр қуатын басқаруға арналған бағдарламалық жасақтама | Power Master |
| Қашықтықтан басқару | Веб-интерфейс, NMS |
| Қолдалатын хаттамалар | IPv4/v6, SNMPv1/v3, HTTP/HTTPs, TCP/IP, UDP, DHCP, NTP, DNS, SMTP, SSL, TLS1.2, Telnet, FTP, SSH, Radius |
| Қоршаған орта параметрлері датчиктерін қолдау | Иә |
| Сериямен үйлесімділік | Pacific, Innova TB/TBE, Innova RTB |
| **Өлшемдері және салмағы** | |
| Өлшемдері (ЕхБхТ), мм | 54 x 36 x 76.5 |
| Салмағы, кг | 0.041 |
| **Қаптаманың өлшемдері мен салмағы** | |
| Өлшемдері (ЕхБхТ), мм | 168 x 58 x 164 |
| Жалпы салмағы, кг | 0.16 |
| **Қоршаған ортаның шарттары** | |
| Жұмыс кезіндегі температура, °C | 0 ... +45 |
| Жұмыс кезінде ауаның салыстырмалы ылғалдылығы (конденсациясыз), % | 0 ... 95 |
| Теңіз деңгейінен жұмыс биіктігі, м | 3000 дейін |
| Сақтау кезіндегі температурасы, °C | -10 ... +55 |
| Сақтау кезінде ауаның салыстырмалы ылғалдылығы (конденсациясыз), % | 0 ... 95 |
| Сақтау кезінде теңіз деңгейінен биіктігі, м | 15000 дейін |

**Ескертпе:** сипаттамалары алдын ала хабардар етпестен өзгертілуі мүмкін.

**ӨНДІРУШІ:**
**Ниппон Клик Системс Лимитед**
Мекенжайы: Куиджано Чэмберс, а/ж 3159, Роуд Таун, Тортола, Британдық Виргин Аралдары
Қытайда жасалған

**Nippon Klick Systems Limited**
Address: Quijano Chambers, P.O.Box 3159, Road Town, Tortola, British Virgin Islands
Made in China

**Ниппон Клик Системс Лимитед**
Адрес: Куиджано Чэмберс, а/я 3159, Роуд Таун, Тортола, Британские Виргинские Острова
Сделано в Китае

**Импортер және тұтынушылардан шағым қабылдауға уәкілетті ұйым:**
**«Мерлион» ЖШҚ**
Ресей, Мәскеу облысы, Красногорск қ., Строители бульвары, 4-үй

**LLC «Merlion»**
Boulvard Stroiteley, Building 4, Krasnogorsk, Moscow Region, Russia

**ООО «Мерлион»**
Россия, Московская обл., г. Красногорск, б-р Строителей, д.4
Құрылғы туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз: **www.ippon.ru**

Өндіруші тауардың жиынтықтамасын, техникалық сипаттамаларын және сыртқы көрінісін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік мерзімі: кепілдікті шарттарға сәйкес 2 жыл.
Қызмет ету мерзімі: пайдалану шарттарына байланысты 3 жылға дейін.
Тауар міндетті түрде сертификаттауға жатпайды.

V2.25